



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҚОҒАМДЫҚ ХАБАР ТАРАТУ: МӘНІ МЕН ҚЫЗМЕТІ**Бегайдарова Жанар Ергенбаевна***zhanar@mail.ru*Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің
журналистика мамандығының 3 курс докторанты,
Астана, Қазақстан

Телевизияның электр қуаты, электромагнитті толқын, радио, фотография, кино сияқты идеялардың заңды жалғасы ретінде өзіндік даму жолы бар. Кітап басу ісінен кейінгі ұлы жаңалық осы идеялардың жаңа сапаға көтерілуі болып табылады. Электронды хабар таратудың дүниеге келуі және тез қанат жаюы адамзат өркениетіндегі жаңа бір кезеңді бастап берді. Ол іле-шала компьютерлі технологиялармен кірігу арқылы жаңғырды. Қазір компьютерсіз қадам баса алмаймыз, кез келген іс-әрекет компьютерге келіп тіреледі. Телевизия да соның қалың ортасында дамып, бірін-бірі байытып келеді.

XXI ғасыр – цифрлы технология мен ақпарат ғасыры. Жаңа дәуірдің телевизиясы туралы профессор М. Барманкұлов былай дейді: «Телевизия жаңа бір қосымша бұқаралық ақпарат құралы болумен шектелмеді. Ол бірден алдыңғы қатарға шықты. Барлық ескі журналистік жанрларға жаңалық енгізіп, табиғатын терең аша түсті. Өзіне ғана тән тәсілдерді қалыптастырды. Журналистикаға жаңа жанрлар мен формалар сыйлады»[1, 24 б.]. Сандық жүйеге көшу жолында телевизия журналистеріне жоғары интеллект пен терең білім, озық тәжірибе қажет. Телеэкран арқылы мыңдаған жұртшылыққа жететін хабарлардың мазмұнды, сапалы әрі кәсіби деңгейде дайындалуы – басты міндет.

Хабар таратудың біз білетін үш моделі бар. Олар коммерциялық, мемлекеттік және қоғамдық. Алғашқы екеуі көрерменнің сұрауын қанағаттандыра алмаған жағдайда, үшіншісінің қажеттілігі туындайды. Сондай-ақ алғашқылар, яғни коммерциялық және мемлекеттік модельдер қазақстандық тәжірибеде бар. Ал қоғамдық модель қайда? Ол кімге және не үшін керек?

Қоғамдық хабар тарату моделі дегеніміз – оппозициялық телеарна немесе радио емес. Ол халық мүддесі үшін қызмет. Мықты оппозициясы жоқ елде қоғамдық телеарна болмайды. Ал егер болса, оның аты ғана «қоғамдық», бірақ заты мемлекеттікі деген сөз. Мұндағы оппозиция деп отырғанымыз билікке қарсы шығу не бүлік салушы емес, мемлекеттік билік пен қара халықтың, қарапайым қоғамның арасындағы көпір, кемшілік пен артықшылықты, жоқшылық пен баршылықты жеткізуші құрал. Сондықтан қоғамдық телеарна және радионың оппозиция мықты жерде өмір сүретін реті бар.

Әлемдік радио және телехабар тарату кеңесінің төрағасы Пьер Жюно «қоғамдық телерадио қоғамға тиесілі болуы тиіс. Ол әрбір тұрғынушыға азамат ретінде көңіл бөледі. Қоғамдық хабар тарату азаматтардың қоғамдық өмірге атсалысуына және оған қатысуына жағдай жасайды. Адамдардың өзін тануына және басқалар жайлы білуіне, қоршаған орта мен әлем жайлы түсініктер ауқымын кеңейтіп, білімнің таралуына ықпал етеді», - деп жазады[2]. Осы ерекшеліктерін ескерер болсақ, қоғамдық телерадио арналар демократиялық мемлекеттің басты белгісі саналатын азаматтық қоғам құруға батыл қадамдар жасауға септігін тигізеді. Қоғамдық телерадиоарнаның мәні осында болса керек. Ең бастысы, қоғамдық телеарна мен радио коммерциялық немесе мемлекетпен басқарылатын хабар тарату түрінен айырмашылығы – қоғамға ғана қызмет етуінде. Яғни, мемлекеттік тапсырыспен бағдарлама жасау, жеке біреудің бас пайдасы үшін хабар тарату секілді дүниелерге жол бермеу үшін жасалған дүние. Қоғамға барынша ашық, қанық және қолжетімді ақпарат таратумен айналысады. Бұл дегеніміз, тек қана хабар тарату немесе саяси-әлеуметтік бағдарламалармен шектелу емес, қоғамдық телеарнада әртүрлі бағыттағы, қоғамның әрбір мүшесіне арналған бағдарламалар болуы міндетті. Мұндай қоғамдық телерадиоарналар Еуропа елдерінде кеңінен дамыған. Мәселен, Франция елінің France

televisions қоғамдық телерадиокомпаниясы бірнеше бағыт бойынша қызмет ететін арналар жүйесі бар телерадиокомпания. Жүз жылға жуық шынайы хабар таратумен айналысып келеді. Корпорацияның ағартушылық, ойын-сауықтық, ақпараттық, спорт және тағы да басқа салалар бойынша арнайы арналары бар.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында»[3], – дей келіп, сананы жаңғыртудың алты принципі мен алты жобаны жүзеге асыруды тапсырды. Егер сананы жаңғырту дегенді қоғамның дамуына бей-жай қарамау деп түсінсек, біз ата-баба дәстүрінің құндылықтарын әрі қарай жаңаша сипатта, жаңаша мазмұнда жалғастыру қажет. Демек қоғамның әрбір мүшесі оны жақсартуға, алға жылжытуға, мәселелерді бірлесіп шешудің жолын қарастыруға, жаңа білім мен тәжірибені жинауға талпынғанда ғана өркениет орнайды. Ал азаматтардың мұндай белсенділігі мен іс-әрекетінің нәтижесі қоғамдық телерадиоарналарды айқын көрініп отыруы тиіс.

Қоғамдық хабар тарату қызметі қалыптасуы, қаржылануы және басқарылуы қоғамның көмегімен ғана жүзеге асырылады. Ол мемлекеттік те, жеке де емес. Оған ешқандай саяси күш көрсетілмейді және ол тәуелсіз болуы керек. Қоғамдық хабар тарату дегеніміз - ақпараттандыру, көрермендерінің білім көкжиегін кеңейту және ойын-сауықтық қызмет. Яғни, редакциясы сөз бен ой еркіндігін сезіне отырып жұмыс жасайтын, бағдарламалары әртүрлілігімен ерекшеленетін, айқын басқарумен өзгешеленетін қызмет. Мұндай қызмет – демократиялық қоғамның алтын кілті.

Қоғамдық теле және радиоарналар тарихына үңілсек, қаржылану жолдары әртүрлі болған. Олар: абонеттік төлем, жартылай не толық мемлекеттік бюджеттен қаржылану. Мемлекеттік бюджет арқылы қаржыланатын арналар әлі де бар. Билік мұндай арнаны қаржыландырғанымен, саяси ұстанымына, басқару және бағдарламалар жүйесіне араласпайды, толықтай тәуелсіздігі қамтамасыз етеді. Екі тілде хабар таратумен айналысатын канадалық хабар тарату компаниясы осы тәжірибе бойынша қызмет етіп келеді.

Қазақстанда қоғамдық телерадиохабарлары таратылады ма деген сауал төңірегінде біраз ойланып көрдік. Республикалық Qazaqstan, Хабар телеарналарының тарихында қоғамдық хабар тарату сипатындағы бағдарламалар жиі кездеседі. Атап айтар болсақ, «Қоғамдық қабылдау», «Аймақтан хабар» деген айдарлармен көрерменмен тікелей байланыс орнату арқылы көрініс тауып жүр. Жаңалықтар барысында тікелей эфирге қосылған көрермен кез келген мәселені көтеріп, оның шешімін күзиретті органдар журналистердің араласуымен дер кезінде жауап береді. Алайда бұл қоғамдық телеарнаның басты белгілері ғана екенін еске саламыз. Сондықтан аталған арналарды қоғамдық деп атай алмаймыз.

Біздің елімізде қоғамдық телеарнаға байланысты мәселе 2005-2006 жылдардан бастап айтылып келеді. Өкінішке орай әлі күнге өз шешімін таппаған сұрақтар бар. Оның ең бастысы – қаржы. Белгілі саясаттанушы Ә.Қосан қоғамдық телеарнаның қаржысы мемлекеттен бөлінсе, сондай-ақ ол ешкім араласа алмайтын арнайы заңмен бекітілсін деген ұсыныс білдірген. Ал саясаттанушы А.Сарым «Ең бастысы қоғамдық телевизияның принциптері. Ол қалай жұмыс істеуі керек? Онда бүкіл партиялар өз пікірлерін айтуға мүмкіндік алуы керек. Қандай да жаңалықтарды айтқанда ешқайда көңіл бұру деген болмауы керек. Журналистер тек қана фактыны айтады және соған деген әртүрлі қоғам өкілдерінің пікірлерін береді. Ал енді белгілі бір даулы оқиғаға байланысты қарама-қарсы жақтың да пікірлерін беріп отыратын болуы керек. Соны заңға кіргізіп, бекітсе деген ой бар»[4], - деп жауап берген. Қоғамдық телеарна айналасындағы пікірталастар әлі күнге жалғасып келеді.

Осы орайда ЮНЕСКО ұйымының бас директорының кеңесшісі Г.З.Юшкявичюстің «Я затрудняюсь сказать, может ли завтра в Казахстане наступить демократия. Но я думаю,

что создание общественного телевидения и радио было бы необходимо для того, чтобы образованные и интеллигентные люди могли высказывать свое мнение. В вашей стране сейчас очень хорошая политика в области образования: молодые люди имеют возможность учиться за рубежом. Молодежь образованна, говорит на нескольких языках. Это образованные люди. А образованным людям необходима платформа для общения, самовыражения. И здесь большую роль может играть общественное телевидение и радио. Для Казахстана общественное телевидение и радио будут мощнейшим средством сохранения национальной культуры и традиции. Президент Н.А.Назарбаев уделяет этому большое внимание. Будем откровенны: Казахстан создает культурное наследие. И делаете Вы это очень умно. Общественное телевидение и радио - удобная для государства общественная платформа для поддержания гражданского общества», - деген пікірі біздің саяси бағытымыздың мәнін ашып беріп отыр. Дәл қазіргі уақытта азаматтық қоғам қалыптастырушы белсенді тұлғалардың идеясы қоғам үшін маңызды. Ал ол идеяларды таратушы бірден-бір құрал - телеарна. Бірқатар дамыған елдер қоғамдық телеарна арқылы әлеуметтік мәселелердің шешімін тауып қойған. Сондай-ақ белсенді азаматтар еріктілер тобын құру, қайырымдылық акцияларына қатысу секілді жұмыстарға атсалысады.

Қоғамдық хабар таратудың мәні азаматтардың белсенділігін арттырып қана қоймай, қордаланған мәселелердің шешімін табуына ықпал жасайды. Қоғамдық хабар таратуға байланысты ЮНЕСКО және Халықаралық электробайланыс кеңесінің бірігіп ұсынған типтік заңында «В соответствии со своим названием, общественное вещание – это вещание, предназначенное для общества, финансируемое обществом, контролируемое обществом»[5] делінген.

Демек, еліміздің демократиялы ел екендігінің белгісі осы қоғамдық хабар тарату қызметі бола алады. Білім және ғылым, саясат, тарих, экономика және бизнес, спорт және басқа да салалардағы мамандарға ашық пікір айтатын, ой таластыратын орта табылады. Ал мұндай ашық диалогқа бару, кенестер тыңдау қоғамның басқа мүшелерінің белсенділігін арттырып, қызығушылығын оятады.

Жоғарыда айтылған үш моделдің бүгінгі күні екеуі тәжірибеде бар екендігі сөзсіз. Алайда, қоғам олар таратқан ақпаратқа, олар ұсынған бағдарламаларға, олар ұсынған саяси бағытқа қанағаттанбаған жағдайда, басқа модельдің керек екендігін түсінуіміз керек.

Шын мәнінде, қоғамның бүгінгідей қарбалас кезеңінде көрермен үшін, әсіресе, жастар үшін ток-шоудан гөрі ағартушылық мазмұны жоғары телеөнімдер көбірек маңызға ие. Сондықтан көрермен қызығушылығын оятатын қоғамдық телеарна ашу - уақыт талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Барманқұлов М. Телевизия: бизнес әлде билік? – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 216б.
2. Пьер Жюно Общественное радио- и телевещание. Зачем? Каким образом?
3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 12 сәуір, 2017.
4. Жалмырза Д. Қоғамдық телеарна қандай болуы тиіс? //www.azattyq.org 31 қазан, 2006.
5. Закон об общественном вещании Артикль 19, Лондон. 19 июнь, 2005.